

6B05101- БИОЛОГИЯ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БАКАЛАВРЫ ТҮЛЕГІНІҢ МОДЕЛІ

Қазақстанның оңтүстік аймағының еңбек нарығы үшін білімді, бәсекеге қабілетті және ұлтжандылыққа тәрбиеленген мамандар дайындау мақсатында білім беру қызметтерінің сапасын үнемі жақсарту университет миссиясы болса, білім алушылардың бойынша кәсіби құзыреттіліктер қалыптастырып, білімнің жаңа ақпараттары арқылы біліктілігі дамыған кәсіби маман дайындау.

Түлек атрибуттары

- дүниетаным, тіршіліктің ғылыми-философиялық, діни негіздері, адам өмірі және қызметінің мазмұны мен теориялық мәні туралы терең білім беру;
- болашақ маманның өзі таңдаған еңбек нарығында жетістікке жетуге мүмкіндік беретін кәсіби жоғары білім беру;
- ақпараттық технологиялар саласындағы болашақ мамандар үшін тілдік құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал ететін үштілді оқытуды оқу үдерісінде қолдану.

Түлек моделі:

- оқу процесін барлық қажетті ақпарат көздерімен, атап айтқанда, оқулықтармен, оқу құралдарымен, оқу пәндері бойынша әдістемелік құралдармен, нұсқаулықтармен, өзіндік жұмыс бойынша белсенді үлестірмелі материалдармен және нұсқаулықтармен, электронды оқулықтармен, желілік білім беру ресурстарының қолжетімді болуын қамтамасыз ету;
- қорытынды аттестаттауда табысты нәтиже көрсеткенде түлекке «Білім бакалавры» дәрежесі берілетін бакалавриаттың бейініне сәйкес білім бағдарламасын игеру үшін білім алушыларға кәсіби бағдар беру;
- теориялық оқыту барысында алған білімдерін практикада бекіту, әр түрлі кәсіптік практикаларды (оқу, кәсіби, өндірістік) ұйымдастыру және жүргізу нәтижесінде тәжірибелік дағдылары мен шеберліктерін қалыптастыру;

Ғылыми-зерттеу қызметі:

- ғылыми және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерттеу;
- биология пәнін оқытуда озық тәжірибені зерделеу және қорыту;
- оқу процесінде олардың нәтижелерін енгізу арқылы білім беру эксперименттерін жүргізу.

Ғылыми-өндірістік қызмет:

- өндіріс, басқару, ғылыми-зерттеу және білім беру салалары, қоршаған ортаның сапасы мен адам денсаулығын бақылау ұйымдарында қызмет етуге біліктілігінің болуы.
- ғылыми-әдістемелік процесті ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістерін анықтау.

Ғылыми-педагогикалық қызмет:

- далалық жағдайда және зертханаларда биологиялық материалдарды жинау, өңдеу, ғылыми-зерттеу жұмыстарды орындау.
- заманауи биология саласындағы білімдерді меңгеру, жоғары кәсіби мамандардың іс -тәжірибелерін оқып-білу, жинақтау, тарату және қолдана білуі мен дағдыларын меңгеру.
- заманауи техниканы қолдану дағдысының болуы, кәсіптік қызметте ақпараттық технологияларды қолдана білуі.
- таңдаған ғылыми бағыт бойынша ақпараттық-ізденіс жұмыстарын ұйымдастыру.